

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 139-141.

**ӘОЖ 81-11(045)**

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

*Ербосын Н., 1 курс студенті*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Әр дәуір, әр кезең өз ақынын туғызады десек, Мағжан шығармалары өз заманының тұтас бір шежіресі секілді көз алдына жан-жақты жүрек тебіренісімен, өз ерекшелігімен, көркем де сыншыл отты сөзбен жасалған ерекше бір ғажайып дүниені жайып салады. «Ақындық жағына келгенде, Мағжан, әрине қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде әдебиетіне түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан қазақта ақын жоқ» [1, 2] - деген Сәбит Мұқановтың тұжырымдамасы ақынның суреткерлік даралығын сипаттайды.

Мағжан өмірі мен шығармашылығын көп жылдар бойы зерттеген филология ғылымдарының докторы, профессор Шериаздан Елеукенов «Әдебиет идеясы өмірден туындайды. Идеяны жеткізетін тіл. Ол суреткердің дүниетанымына сәйкес құйылады, саяси, философиялық, эстетикалық, этникалық тұрғысына қарай өріледі» [3, 4] – деп бағалауы да Мағжан тілін зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев - қазақ поэзиясының алтын қазынасын байытқан, ұлттық сана мен рухани құндылықтарды өлеңдерінде кеңінен бейнелеген көрнекті ақын. Оның шығармаларында ұлттық мәдениет, тарих және тілдік мұраның мән-мағынасы ерекше орын алады. Солардың бірі — қазақ халқының мақал-мәтелдері. Бұл мақал-мәтелдер тек тілдік құрал ғана емес, сонымен қатар халықтың даналығын, өмірлік қағидаттарын сақтаушы мәдени элемент ретінде қызмет етеді. Жұмабаевтың шығармаларында мақал-мәтелдер халықтың рухани болмысын бейнелеп қана қоймай, оның поэтикалық тіліне жаңа мазмұн мен тереңдік береді.

Мақал-мәтелдер - халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымын қысқа әрі нұсқа формада бейнелейтін тұрақты тіркестер. Олар тек ауызекі тілде емес, әдеби шығармаларда да маңызды орынды иеленеді. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларында мақал-мәтелдер ұлттық сана-сезімді, ұлттық рухты және халықтың ұмтылыстарын көрсету құралы ретінде қолданылады. Мақал-мәтелдер оның поэзиясында ерекше экспрессивті рөл атқарады, яғни олар арқылы автордың терең философиялық және этикалық көзқарастары көрініс табады.

Мақал ретіне халықтық даналықтың қаймағы, яғни тілде сақталынып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын халықтың мәдени тәжірибесі есептеледі. «Мақал – халықтың сан ғасырлық тәжірибесі бекітілетін, аяқталған сөйлем формасында болатын, қысқа, тілдік қолданыста тұрақты, әдетте ырғақты келетін және өнегелік сипат тән нақыл сөз» [4]. «Мәтел – өмірдегі қандай да бір құбылысты дәл анықтайтын бейнелік айтылым, сөз орамы. Мәтел мақалға карағанда жалпылық өнегелік мағынасы аз, тура тұспалды білдіретін, грамматикалық жағынан аяқталған сөйлем болып табылады» [5]. Мақал-мәтелдер өзіндік бір микромәтін ретінде прагматикалық сипатқа ие. Дәстүрлі танымдағы мақал-мәтелдерді өзіндік бағалағыштық, құндылық көзқарастарын бейнелеу үшін контексте сай қолдануы да ақын тұлғасының даралық қырын ашады.

Ақын халыққа белгілі мақал-мәтелдерді өз дүниетанымын және өз идеяларын берудің құралына айналдырады. Жұмабаев өлеңдерінде мақал-мәтелдер көбіне дидактикалық сипатта көрінеді. Ақын ұлттық құндылықтар мен адамгершілік идеяларын насихаттау мақсатында мақал-мәтелдер арқылы халық даналығына сүйенеді. Бұл тәсіл оның өлеңдерінің көркемдік әсерін күшейтіп, оқырманға ой салады. Дәл сол мақалдағы ойды тура сол қалпында дәл сол сәттегі хал-ахуалды бейнелеу үшін қолданылған ешқандай жалғау-жұрнағы өзгертілмей мақал-мәтелдер: «*Ұрлық қыл да мал тап, Ойнас қыл да бала тап*»; «*Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір...*»; «*Қарны тоқ, қайғысы жоқ*» тыным таппай, Малдай-ақ қор-қор ұйықтап ел жатқанда...; «*Ішкені - мас, жегені тоқ*», бәрі де мәз, Кедейлер көк есектей зыр қаққанда.

Мағжан Жұмабаев мақал-мәтелдерді қолдану арқылы тек халық даналығын жеткізіп қана қоймай, оларды экспрессивті қызметте де пайдаланады. Ақын кейде мақал-мәтелдердің мәнін өзгертіп, жаңа контексте қолданып, тың мағына береді. *Нақтылау формасында қолданылған дәстүрлі мақал-мәтелдер*, яғни сол цитатадағы ойды контексте одан әрі қарай тереңдетіп, мағынасын кеңейтіп қолданған: «*Қарманған қарап қалмас*» - деген рас, Тоқтамай істей берсең батып терге; «*Халық айтса, қалт айтпайды*» - деген ғой, Ие бопты байтақ терең ақылға; «*Заман тұлкі болғанда тазы болмай*», Биік қырдан алдағы аса алмаспыз; «*Заман – тұлкі, тазы бол*», Базарша дүкен құр енді; Қорықпа, ұмтыл, соқса дауыл, ескегінді ес, Деп жатпа: «*Алма пісте, аузыма түс!*»; Сәрсенбай жай сөздің екпінімен: «*Балалы үй - базар, баласыз үй –мазар*» деген сөз ып-рас-ау дегенде, Шолпанның басында жаңа бір ой жарқ ете түсті: «*Үш жылдан бері балам болмасын деген тілегінің, қате болғанда да, есалаң екендігі, бала болмаса, екеуінің өмірінің қу мазарға айналатындығы*» еді. «*Адам басы – алла добы*» деген рас, Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас. Адресатына бағыт, жөн сілтеп нақты жағдайды бейнелеу арқылы мақалдағы ойдың актуалдануын түсіндіреді. Бұл тәсіл мақал-мәтелдердің шығарманың негізгі идеясын жеткізу құралы ретінде қызмет етуін көрсетеді.

М.Жұмабаевтың дәстүрлі мақал-мәтелдері цитата түрінде пайдалану арқылы оларға қосымша ой үстейді. Бұрыннан бар мақалға мақсаты, интенциясы ұқсас, яғни айтар өнегесі, қызметі бір, бірақ *атау лексемалары*

*өзгертіліп қолданылған мақал-мәтелдер: Етікші өлсе балға мен бізі қалар, Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар, Шешен өлсе артында сөзі қалар.* Контекстке енгізілген мақал-мәтін адресатқа қатысты айтылымда екіұдай күй туғызып, әртүрлі мәнге ие болады: *Жабыны тұлпар қылам деп, Қарғаны сұңқар қылам деп, Талайдың ісі шала зой.* Дәстүрлі түрде жабының тұлпар болуы, қарғаның сұңқар болуы мүмкін емес деген ақиқат таным қалыптасқанымен, зерттеуші А.Қайыпбаева келтіргендей «жабының жол бұзатын жорғасындай» деген тіркесті еске алсақ, жабыдан тұлпар шықпаса да, жол бұзатын жорғалар болғанын, заты асылдың өлінін көрсе, көзін шұқымас «ала қарғалардың» да бар екеніне күмәнданбаймыз» [6].

Мақал-мәтелдер - халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымын қысқа әрі нұсқа формада бейнелейтін тұрақты тіркестер. Олар тек ауызекі тілде емес, әдеби шығармаларда да маңызды орынды иеленеді. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларында мақал-мәтелдер ұлттық сана-сезімді, ұлттық рухты және халықтың ұмтылыстарын көрсету құралы ретінде қолданылады. Мақал-мәтелдер оның поэзиясында ерекше экспрессивті рөл атқарады, яғни олар арқылы автордың терең философиялық және этикалық көзқарастары көрініс табады.

Дәстүрлі айтылымның бір компонентіндегі тұжырымды құптағанымен, екінші компонентіндегі *тұжырымға өзгеріс енгізіп қолданылған айтылымдар: «Су түбінде жатқан зат жел толқытса ғана шықпақ, Ой түбінде жатқан сыр шер толқытса да шықпақ емес. Шықса, шер мен сырдың көлеңкесі, сәулесі ғана шықпақ».* Асан қайғының белгілі өлеңіндегі бірінші жолын автор құптайды да, екіншісін теріске шығарады. Бұндай кесімнің түсіндірмесін Мағжан өмірі мен шығармашылығын зерттеген Ш.Елеуқенов әдеби психологизм заңдылықтарының ауыз әдебиетінен өзгешелігімен түсіндіреді. «Адам ішкі ойларын яки ішкі монологін өзіне арнайды. Бөтенге шашпаған сырын өзінен жасырмайды. Сыртқа шығарса шер мен сырдың көлеңкесін, сәулесін ғана шығармақ» [7]. Бұл айтылым алынған «Шолпанның күнәсі» әңгімесі Шолпанның ішкі монологіне құрылғанын ескерсек, автордың Асан қайғы сөзін теріске шығаруы немесе оның ойымен келіспеуі емес, айтылымның мағынасының тақырыпқа, контекстке сай өзгертіліп қолданылғанына көз жеткіземіз.

Мағжан Жұмабаев мақал-мәтелдерді тек көркемдік құрал ретінде ғана емес, сондай-ақ ұлттық идеологияны насихаттау және жастарды тәрбиелеу мақсатында да қолданды. Оның шығармаларында «Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені» немесе «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» сияқты мақалдар жиі кездеседі. Бұл мақалдар ақынның адамгершілік құндылықтарын насихаттауына қызмет етеді. Мақал-мәтелдер арқылы ол оқырманға адалдық, батырлық, білімділік секілді қасиеттердің маңыздылығын көрсетеді.

Мақал-мәтелдер - белгілі бір халықтың рухани және мәдени өмірінің бір бөлігі болып табылатын тілдік элементтер. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларында бұл элементтер ұлттық бірегейлікті бейнелейтін құрал ретінде қызмет етеді. Мақал-мәтелдер арқылы ақын қазақ халқының өзіндік

мәдени ерекшеліктерін, дүниетанымын және болмысын ашып көрсетеді. Лингвомәдени бірліктер ретінде мақал-мәтелдер тек халықтың өмірлік тәжірибесін сақтап қана қоймай, олардың ұлттық болмысын да бейнелейді.

Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы мақал-мәтелдердің қолданылуы оның поэтикалық тілінің байлығын көрсетіп қана қоймай, халық даналығы мен рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Мақал-мәтелдер ақынның шығармашылығында көркемдік құрал ретінде ғана емес, ұлттық рухани құндылықтарды бейнелейтін мағыналық бірлік ретінде де маңызды рөл атқарады. Олар ақынның ұлттық сана мен мәдениетті дәріптеуіндегі негізгі құралдардың бірі болып табылады.

*Ғылыми жетекшісі Ермекова Ж.Б.  
филология ғылымдарының кандидаты*

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Жұмабаев, М. (2005). *Көп томдық шығармалар жинағы*. Өлеңдер, дастандар, әңгіме.- Алматы: Жазушы, 1, 208.
- 2 Мұқанұлы Сәбит (1191). *Жұмабайұлы Мағжан*. Парасат, 5.
- 3 Елеукенов, Ш. (1995). *Мағжан (Өмірі мен шығармагершілігі): оқу құралы*. Алматы: Санат, 384.
- 4 Википедия (свободная энциклопедия в Интернете).
- 5 Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия. (2007). [Электронная версия].
- 6 Қайыпбаева, А. (2001). Тұрақты тіркестердің поэзия тіліндегі қолданысы (Мағжан, Сәкен, Ілияс шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 27.
- 7 Алпыспаева, АЕ, Ашимханова, СА. (2021). Translation of the Culture-Specific Items in Jumabayev`s "Men Jastarga Senemin" into English and Russian. *International Journal of Society, Culture and Language*. 9:2, 2329-2210.